




«Кселл» АҚ

«Кселл» АҚ 2022 жылғы
қаңтар-желтоқсан
айларындағы қаржылық
нәтижелері



«Кселл» АҚ 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларындағы нәтижелер

Алматы, 14 сәуір 2023 жыл - «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Kcell» немесе «Компания») (KASE: KCEL), Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы жетекші операторлардың бірі, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан нәтижелерді жариялайды.

Төртінші тоқсан

- Жалпы түсім 55 036 млн теңгені құрады. Сервистік кіріс 11,4% -ға 45 148 млн теңгеге дейін өсті (40 513).
- EBITDA көрсеткіші біржолғы шығыстарды есептемегенде 20 723 млн.теңге құрады (20 768). EBITDA бойынша рентабельділік 37,7% (37,2) құрады.
- Біржолғы шығыстарды қоспағанда, операциялық пайда 14 153 млн теңгені құрады.
- Қаржыландыруға арналған таза шығындар 79,5%-ға азайып, 421 млн. теңгені (2 056) құрады.
- Таза пайда 7 891 млн теңгеге дейін өсті (7 553)
- CAPEX сатуға ара-қатынасы 42,9% құрады (47,7).
- Еркін ақша қаражатының ағыны 237,1%-ға артып, 13 294 млн. теңгені (3 944) құрады.

12 ай

- Жалпы түсім 12,8% құрап, 221 232 млн теңге (196 189) құрады. Сервистік кіріс 12% -ға 173 692млн. теңгеге (155 054) дейін өсті.
- EBITDA біржолғы шығындарды қоспағанда 10,3%-ға 90 848 млн теңгеге дейін өскен (82 340). EBITDA бойынша пайдалылық 41,1% дейін азайды(42).
- Біржолғы шығыстарды қоспағанда, операциялық пайда 20% -ға артып, 61 587 млн. теңгені құрады (51 338).
- Қаржыландыруға арналған таза шығындар 36,6%-ға төмендеп, 4 920 млн теңгені (7 765) құрады.
- Таза пайда 24,1%-ға артып, 40 350 млн. теңгені (32 506) құрады.
- CAPEX сатуға ара-қатынасы 18,8% (19,4) құрады.
- Еркін ақша қаражатының - 28 278 млн. теңгені құрады (42 991).
- Абоненттік база 7 986 мың пайдаланушыны құрады (7 961).

Негізгі қаржылық көрсеткіштер

Бір акцияға есептегенде негізгі коэффициенттерден, көрсеткіштерден және өзгерістерден басқа, млн. теңгемен	4 т. 2022	4 т. 2021	Өзг (%)	12 ай 2022	12 ай 2021	Өзг (%)
Түсім	55 036	55 781	(1,3)	221 232	196 189	12,8
оның ішінде сервистік түсім	45 148	40 513	11,4	173 692	155 054	12
Біржолғы шығыстарды есептемегенде EBITDA	20 729	20 768	(0,2)	90 848	82 340	10,3
Маржа (%)	37,7	37,2	0,5пп	41,1	42,0	(0,9)
Операциялық пайда	13 800	13 558	1,8	60 174	50 485	19,2
Біржолғы шығыстарды есепке алмағандағы операциялық пайда	14 153	15 094	(6,2)	61 587	51 338	20
Таза пайда	7 891	7 553	4,5	40 350	32 506	24,1
Акцияға шаққандағы кіріс (теңге)	39,5	37,8	4,5	201,8	162,5	24,1
CAPEX сатуға ара-қатынасы (%)	42,9	47,7	(4,8) пп	18,8	19,4	(2,0)пп
Еркін ақша ағыны	13 294	3 944	237,1	28 278	42 991	(34,2)

Осы есепте, егер өзгеше көрсетілмесе, 2021 жылдың 4 тоқсанындағы немесе 12 айындағы ұқсас баптарға жататын негізгі және қаржылық қызметтің нәтижелері бойынша салыстырмалы көрсеткіштер жақшада келтірілген.

Басқарма Төрағасы, Бас атқарушы директор Асхат Узбековтың түсініктемелері

«Өткен жыл, оның барлық сынақтарына қарамастан, Компания нарықта берік орында және өзінің тиімділігін сақтай отырып, елеулі сын-қатерлерге қарсы тұруға дайын екенін көрсетті. 2022 жылы қол жеткізілген жоғары қаржылық және операциялық көрсеткіштер дамудың таңдалған бағыты мен стратегиялық басымдықтардың дұрыстығын тағы да растады. Жалпы кірістің өсімі жылына 12,8% - ды, сервистік кірістің өсімі - 12% -ды құрады. Kcell өзінің тұрақты және қарқынды дамып келе жатқан цифрлық экожүйесін дамытуды жалғастыруда. 2022 жылы біз Қазақстандағы ең үздік Value Proposition ХҚЕС сервистері стратегиясын іске асырдық. Біздің адалдық бағдарламамыз OGO Bonus және алғашқы толыққанды Қазақстандық несие банкі OGO Bank жылына 23% түсім өсімін көрсетті. Біз бұл жобаны мақтан тұтамыз, өйткені ол әлеуметтік маңызды болып табылады және халықтың барлық топтары үшін заманауи қаржы құралдарына тең қол жеткізуге мүмкіндік береді.

SuperApp - біздің стратегиялық цифрлық сату және қызмет көрсету арнамыз 2 048 216 бірегей пайдаланушының (Android + iOS + Web) рекордтық MAU көрсеткішіне қол жеткізді. Біз суперқосымшамыз Қазақстан Республикасында экожүйені құрудың үздік үлгісі болады деп сенеміз. Сондай-ақ, e-commerce-ті дамытуға баса назар аударылды: өзінің скорингтік жүйесімен біріктірілген Online Shop суперқосымшасына кіріктірілген келісімшарттық телефондарды сатуды 178% - ға ұлғайтты. Біздің команда клиентке арналған ең жеңіл және түсінікті интерфейсі бар ең озық интернет-дүкендердің бірін құруды өршіл мақсат етіп отыр.

Біз қоғам алдындағы барлық жауапкершілікті түсінеміз және оның сапалы мобильді байланыс қызметтері мен интернетке деген қажеттілігін білеміз. «250 +» (2020-2022) ұлттық жобасына қатысқан екі жыл ішінде біз шалғайдағы елді мекендерде мыңнан астам базалық станция салдық,



ауылдардың бір жарым миллионнан тұрғыны заманауи ұялы байланыс қызметтерімен қамтылды. Бұл біздің елімізге интернеттің енуі бойынша әлемдік жетекші орынға ие болуға мүмкіндік берді. Cable.co.uk британдық талдау агенттігі Қазақстандағы мобильді интернет жабыны ТМД мен әлемнің көптеген елдеріне қарағанда 96% -ға жоғары деген мәлімет шығарды.

Біздің шығындарды оңтайландыру бойынша тиімді шаралармен үйлестіре отырып, кірістің өсуінің арқасында жыл ішінде EBITDA көрсеткіші біржолғы баптарды қоспағанда 10,3% -ға өсті. 2022 жылы еркін ақша ағыны 28 278 млн. теңгені құрады. Компания 2023-2024 жылдарға арналған өз бағдарламасы бойынша ауылдық жерлерде мобильді кең жолақты қолжетімділік желісін дамытуды жоспарлап отыр. Алынған ақша ағыны, атап айтқанда, еліміз бойынша біздің желіні одан әрі дамытуға, инфрақұрылымға инвестициялар мен технологиялық жетілдіруге бағытталатын болады.

Бәлкім, өткен жылдың ең маңызды оқиғасы реттеуші органның бесінші буын желісі үшін жиілік аукционын өткізуі нәтижесінде біздің компанияның жеңіске жетуі болар. Бұл оқиға Kcell-ға Қазақстанды цифрландыру және нарықтағы өз позицияларын нығайту жөніндегі үлкен жобаның бір бөлігі болуға мүмкіндік берді. Соңғы жылдары біз 5G табысты енгізу үшін жеткілікті сараптаманы арттырдық. Kcell Қазақстанда бесінші ұрпақтың толыққанды желісін салып, Түркістан қаласының туристік орталығын жапқан алғашқы оператор болды. 2023 жылы 5G артықшылықтарын Алматы, Астана және Шымкент қалаларының тұрғындары, ал 2027 жылға дейін барлық облыс орталықтарының тұрғындары бағалай алады.

2022 жылы біз де конвергенттік биллингтік платформаны енгіздік. Қазақстанда бесінші буын желісінің дамуына қарай, оның негізінде жаңа технологиялық өнімдер мен сервистер, атап айтқанда, IoT ақылды құрылғылары

сегментінде пайда болады. Бұл ретте конвергенттік биллингтік жүйенің масштабталатын архитектурасы күрделі шығындардың бір мезгілде төмендеуі кезінде бизнестің өсуін қамтамасыз етеді. Жаңа биллинг сондай-ақ компанияның бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз ете отырып, time-to-market қысқартуға және икемді маркетингтік стратегияларды енгізуге мүмкіндік береді

Біз корпоративтік секторда да нәтижелерге қол жеткіздік. KAZ Minerals Ақтоғай, Қазатомөнеркәсіп, ERG компаниялар тобы сияқты нысандарда 14 жоба сәтті іске қосылды. Полиметалл Бақыршыққа рLTE жеткізуге тендер ұтып алынды.

Біз Kcell-дің бизнестің барлық салаларындағы көшбасшылық ұстанымдарын сақтап қалуға баса назар аудара отырып, стратегияны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырудамыз. Мен клиенттерімізге олар үшін сапалы және сенімді цифрлық өнімдерді жасау, күнделікті және бизнес-міндеттерді шешуге көмектесу мүмкіндігі үшін алғыс айтамын. Еңбегіміз алдағы уақытта да компанияның бүкіл қоғамның дамуына және орнықтылығын сақтауға маңызды үлес қосуына бағытталатын болады.

Алматы

2023 жылғы 14 сәуір

Телеконференция

Kcell 2023 жылғы 14 сәуірде Алматы уақыты бойынша сағат 11:00-де «Қазақстан қор биржасы» АҚ-мен бірлесіп инвесторлар мен сарапшыларға арналған ZOOM бейне-конференция ұйымдастырады. Конференция орыс тілінде өткізіледі.

Іс-шараға қатысу үшін мәліметтерді (тегі, аты және әкесінің аты, ұйымның атауы, лауазымы, электрондық пошта мекенжайы, қызықтыратын сұрақтар) customers@kase.kz мекенжайына жіберуге болады.

Барлық тіркелген қатысушыларға ZOOM онлайн-кездесуге сілтеме (шақыру) жіберіледі.

Презентация конференция басталар алдында тікелей <https://investors.kcell.kz> веб-сайтында орналастырылады.

Анықтама үшін:

Kcell

Investor Relations

Дамир Муллашев

+77012404694

Investor_relations@kcell.kz

2022 жылғы 4-тоқсанның нәтижелеріне шолу

Түсім

Жалпы түсім 1,3 %-ға төмендеп, 55 036 млн теңге құрады (55 781).

Сервистік кіріс 11,4%-ға өсіп, 45 148 млн теңгені құрады (40 513).

Дауыстық байланыс қызметтері және өзге де қызметтер

Дауыстық байланыс қызметін және өзге де қызметтерді ұсынудан түскен кіріс 3,9%-ға өсіп, 21 087 млн теңгені құрады (20 294).

Деректерді беру қызметтері

Деректерді беру қызметтерінен түскен кіріс 22,7%-ға 22 237 млн. теңгеге дейін өсті (18 121). Деректер трафигі 17 %-ға өсіп, 193 петабайтты (ПБ) құрады.

Қосымша қызметтер

Қосымша қызметтерден түскен табыс 13,1% - ға 1 824 млн. теңгеге дейін төмендеді (2 098).

Мобильді құрылғыларды сату Мобильді құрылғыларды сатудан түскен табыс 9 426 млн. теңгеге дейін төмендеді (13 160).

Мемлекеттік субсидиядан түсетін кіріс

2021 жылы Үкімет Жиілік белдеулерін, радиожиіліктерді беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану қағидаларына өзгерістерді бекітті, олардың негізінде Компания 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жылдық төлемді 90%-ға төмендету түрінде мемлекеттік субсидиялар алуға құқылы.

Пайыздық арақатынастардан басқа, миллион теңгемен	4 т. 2022	Жалпы табыстан%	4 т. 2021	Жалпы табыстан%
Дауыстық байланыс қызметтері және өзге де қызметтер	21 087	38,3	20 294	36,4
Деректерді беру қызметтері	22 237	40,4	18 121	32,5
Қосымша қызметтер	1 824	3,3	2 098	3,8
Мобильді құрылғыларды сату	9 426	17,1	13 160	23,6
Мемлекеттік субсидиялар	462	0,8	2 108	3,8
Жалпы түсім	55 036	100,0	55 781	100,0

Шығындар

Сатудың өзіндік құны 4%-ға азайып, 32 661 млн теңгені құрады (34 007).

Сату және маркетингке арналған шығыстар 16,9%-ға 1 299 млн теңгеге дейін азайды (1 564).

Жалпы және әкімшілік шығындар 5 373 млн теңгені құрады.

Пайда, қаржылық жағдай және ақша ағыны

EBITDA көрсеткіші біржолғы шығыстарды есептемегенде 20 729 млн.теңге құрады (20 768). EBITDA бойынша рентабельділік 37,7% (37,2) құрады.

Қаржыландыру бойынша таза шығындар 79,5%-ға төмендеп, 421 млн теңгені құрады (2 056).

Пайдаға салықтар бойынша шығындар 1,3%-ға азайып, 4 085 млн теңгені құрады (4 140).

Таза пайда 4,5 %-ға 7 891 млн теңгеге дейін артты (7 553)

Күрделі шығыстар (CAPEX) 12,2%-ға 23 393 млн теңгеге дейін азайды (26 629), CAPEX түсімге ара-қатынасы 42,5% құрады (47,7).

Еркін ақша қаражатының ағыны 237,1%-ға артып, 13 294 млн теңгені құрады (3 944).

2022 жылдың 12 айындағы қызметінің нәтижелерге шолу

Түсім

Жалпы түсім 12,8% құрап, 221 232 млн теңге (196 189) құрады.

Жалпы түсімнің өсуі, оның ішінде 2 230 млн теңге көлеміндегі мемлекеттік субсидиялардың танылуына байланысты.

Сервистік кіріс 12% -ға 173 692млн. теңгеге (155 054) дейін өсті.

Дауыстық байланыс қызметтері және өзге де қызметтер

Дауыстық байланыс қызметін және өзге де қызметтерден түскен кіріс 13,9 %-ға 88 872 млн. теңгеге дейін өсті (78 059).

Деректерді беру қызметтері

Деректерді беру қызметтерінен түскен кіріс 15 %-ға 78 174 млн. теңгеге дейін өсті (67 971).

Деректер трафигі 17,7%-ға өсіп, 730,36 петабайтты (ПБ) құрады.

Қосымша қызметтер

Қосымша қызметтерден түскен табыс 26,4%- ға 6 646 млн.теңгеге дейін төмендеді (9 024).

Мобильді құрылғыларды сату

Мобильді құрылғыларды сатудан түскен табыс 16,1% -ға 45 310 млн. теңгеге дейін өсті (39 027).

Мемлекеттік субсидиядан түсетін кіріс

2021 жылы Үкімет Жиілік белдеулерін, радиожиіліктерді беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану қағидаларына өзгерістерді бекітті, олардың негізінде Компания 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жылдық төлемді 90%-ға төмендету түрінде мемлекеттік субсидиялар алуға құқылы.

Пайыздық арақатынастардан басқа, миллион теңгемен	12 ай 2022	Жалпы табыстан%	12 ай 2021	Жалпы табыстан%
Дауыстық байланыс қызметтері және өзге де қызметтер	88 872	40,2	78 059	39,8
Деректерді беру қызметтері	78 174	35,3	67 971	34,6
Қосымша қызметтер	6 646	3,0	9 024	4,6
Мобильді құрылғыларды сату	45 310	20,5	39 027	19,9
Мемлекеттік субсидиялар	2 230	1,0	2 108	1,1
Жалпы түсім	221 232	100,0	196 189	100,0

Шығындар

Сатудың өзіндік құны 8,3%-ға 136 269 млн теңгеге дейін өсті (125 867), негізінен, мобильді құрылғыларды сатудың өсуі және желіні бірлесіп пайдалану бойынша шығындар есебінен ұлғайды.

Сату және маркетингке арналған шығыстар 12,6%-ға 2 714 млн теңгеге дейін азайды (3 106).

Жалпы және әкімшілік шығындар 15% - ға 16 260 млн теңгеге дейін өсті (14 137).

Пайда, қаржылық жағдай және ақша ағыны

EBITDA көрсеткіші, біржолғы шығыстарды есептемегенде 10,3 %-ға өсіп, 90 848 млн теңгені құрады (82 340). EBITDA бойынша маржа 41,1 % (42,0) құрады.

Қаржыландыру бойынша таза шығындар 36,6%-ға 4 920 млн теңгеге дейін азайды (7 765).

Табыс салығы бойынша шығындар 39 %-ға 14 871 млн теңгеге дейін артты (10 696).

Таза пайда 24,1 %-ға артып, 40 350 млн теңгені құрады (32 506). Бір акцияға кіріс 201,8 теңгені (162,5) құрады.

Күрделі шығыстар (CAPEX) 41 621 млн теңгеге (38 052) артып, CAPEX түсімге арақатынасы 18,8% құрады (19,4).

Еркін ақша қаражатының ағыны 28 278 млн теңгені құрады (42 991).

2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларындағы негізгі оқиғалар

Ақпан

- 2022 жылғы 17 ақпанда Компанияның Директорлар кеңесі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына (АЖЖЖ) 2021 жылғы нәтижелер бойынша 21 500 млн. теңге немесе бір қарапайым акция үшін 107,50 теңге құрайтын біріктірілген таза табыстың 66% мөлшерінде жылдық дивиденд төлеуге кеңес бергенін жариялайды.

Дивидендтің сомасы, дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізілімін жабудың болжалды күні және дивидендтерді төлей бастаудың болжалды күні АЖЖЖ-да Компания акционерлерінің бекітуіне жатады.

- 2022 жылдың 25 ақпанынан бастап Компания бірінші кезеңнің аяқталғаны және Nexign Converged шешімін орнату бойынша жобаны іске асырудың екінші кезеңінің басталғаны туралы хабарлады. Жоба қолданыстағы қызметтерді кеңейтуге, сондай-ақ мүлдем жаңа өнімдерді енгізуге бағытталған, бұл жаңа өнімдерді пайдалануды компания үшін де, оның абоненттері үшін де неғұрлым ыңғайлы етеді.

Сәуір

- Найзабеков Тимур Курмангазиевич, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен 2022 жылғы 14 сәуірден бастап өзінің «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің құрамынан шығатыны туралы хабардар етті.
- 2022 жылғы 15 сәуірде Компанияның Директорлар кеңесі мынадай шешімдер қабылдады:
 1. 2022 жылғы 15 сәуірден бастап «Кселл» АҚ Басқарма мүшесі, Құқықтық мәселелер жөніндегі бас директоры Гасанова Севиль Эюповнаның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

2. Уйсумбаев Азамат Даулетович 2022 жылғы 15 сәуірден бастап «Кселл» АҚ Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директоры қызметіне сайлансын.

Мамыр

- 2022 жылғы 11 мамырда Компания Директорлар кеңесі Компания қызметінің тиімділігін арттыру шеңберінде және ағымдағы стратегиялық сын-қатерлерге жауап бере отырып, мынадай шешімдер қабылдағаны туралы хабарлады:

1. 2022 жылғы 11 мамырдан бастап Узбеков Асхат Архатович «Кселл» АҚ Бас атқарушы директоры, Басқарма Төрағасы қызметіне сайлансын;
2. 2022 жылғы 11 мамырдан бастап Харламов Юрий Евгеньевич «Кселл» АҚ Бас операциялық директоры, Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне сайлансын;
3. 2022 жылғы 27 сәуірден бастап «Кселл» АҚ Басқарма мүшесі, Бас техникалық директоры Есеркегенов Аскар Алибекович өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

- 2022 жылғы 19 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы («АЖЖЖ») өтті. АЖЖЖ күн тәртібінде мынадай мәселелер қамтылды:

1. «Кселл» АҚ Есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау туралы.
2. «Кселл» АҚ 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
3. «Кселл» АҚ есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы
4. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы;
5. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесі туралы

қағидаға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы;

6. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттары туралы ережеге өзгерістерді бекіту туралы;

7. Акционерлердің «Кселл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.

АЖЖЖ қарапайым көпшілік дауыспен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мынадай шешімдер қабылдады:

1. «Кселл» АҚ 2023 жылдың 1 маусымына дейін шот комиссиясының мүшелері ретінде «Кселл» АҚ келесі жұмыскерлері сайлансын:

- Мартинез Ирина Владимировна – Шот комиссиясының төрағасы;
- Братенкова Диана Александровна;
- Логданиди Елена Евстафьевна.

2. «Кселл» АҚ-ның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы Жеке және шоғырланған қаржылық есептері (ХҚЕС) бекітілсін.

3. 3.1. «Кселл» АҚ-ның 2021 жылғы таза табысы бөлінбесін, жай акциялар бойынша дивидендтер төленбесін.

3.2. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне Қоғамның 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің қорытындыларын назарға ала отырып, 2022 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі мерзімде өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасын бөлу бойынша ұсыныс беру тапсырылсын.

4. 4.1. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің келесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын:

- 1) Буянов Алексей Николаевич (тәуелсіз директор);
- 2) Инкарбекова Динара Жолшыбековна (тәуелсіз директор);
- 3) Есекеев Куанышбек Бахытбекович (акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі);

4) Худайбердиев Тимур Тельманович (акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі);

5) Саудабаев Серик Болатович (акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі);

6) Джери Калмис (Jere Calmes) (тәуелсіз директор);

7) Турлов Тимур Русланович (акционер «Фридом Финанс» АҚ өкілі);

8) Рамазанов Ермек Туржигитович (тәуелсіз директор);

4.2. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы 7 (жеті) адам көлемінде анықталсын.

4.3. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда сайлансын:

- 1) Буянов Алексей Николаевич (тәуелсіз директор);
- 2) Джери Калмис (Jere Calmes) (тәуелсіз директор);
- 3) Пиетари Кивикко (Pietari Kivikko) (тәуелсіз директор);
- 4) Рамазанов Ермек Туржигитович (тәуелсіз директор);
- 5) Лезговко Александр Владимирович (акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі);
- 6) Кишкимбаева Алия Бахиткиреевна (акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі);
- 7) Турлов Тимур Русланович («Фридом Финанс» АҚ акционерінің өкілі)

4.4. «Кселл» АҚ Директорлар уәкілеттіктерінің мерзімі анықталсын - 3 жыл.

4.5. «Кселл» АҚ тәуелсіз директорларының жылдық орнықты және жылдық қосымша сыйақы мөлшері «Кселл» АҚ АЖЖЖ 2019 жылғы 29 мамырдағы шешіміне (№ 13 хаттама) сәйкес анықталсын.

4.6. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының сыйақысын төлеу мен шығындарын өтеу шарттары «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғандары үшін 2019 жылғы 29 мамырдағы «Кселл» АҚ АЖЖЖ-да бекітілген сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары туралы ережеге сәйкес анықталсын.

4.7. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы («Кселл» АҚ Жарғысының 47-тармағына сәйкес сайланғаннан кейін) белгіленген тәртіппен осы шешімді іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

5. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидаға өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттары туралы ережеге өзгерістер бекітілсін.

7. Акционерлердің «Кселл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының 2021 жылғы іс-әрекеттеріне өтініштерінің болмауы туралы ақпарат назарға алынсын.

- 2022 жылғы 19 мамырда АЖЖЖ отырысында 2021 жылдың қорытындысы бойынша пайданы дивидендтерге бөлуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылданды.

АЖЖЖ-да «Кселл» АҚ ірі акционері - Қоғамның 51% акциясына ие «Қазақтелеком» АҚ осындай ұсыныс жасады. Еліміздің телеком-операторы өзінің ұстанымын тұрақсыз экономикалық ахуалмен, валюталық тәуекелдермен және «Кселл» АҚ-ның капекс бағдарламасына (capital expenditure) – капитал шығындарға шоғырлану қажеттігімен дәлелдеді. «Кселл» АҚ-ның ағымдағы қызметіне әлемдегі қазіргі тұрақсыз экономикалық жағдай зор әсер етті. «Кселл» АҚ бизнесті жылдам қалпына келтіре алды және негізгі қаржылық көрсеткіштердің өсуін көрсетуді жалғастырды, бірақ қазір компания үшін жаңа сыртқы тәуекелдерді алып тастау мүмкін емес.

Осыған байланысты дивидендтерді төлеу мерзімін ауыстыру ұсынылды және «Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы Компания қызметінің қорытындылары бойынша 2022 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі мерзімде өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасын бөлу бойынша ұсыныстар беру тапсырылды. Бұл ретте осы мақсатқа арналған қаражат Компанияда оларды жаңа жобаларға, бірінші

кезекте ауыл тұрғындарының кең жолақты интернетке қол жеткізуін қамтамасыз ету, жаңа базалық станциялар мен өзге де инфрақұрылым салу, сондай-ақ байланыс сапасын жақсарту бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларға инвестициялау ұсынысымен қалады.

Маусым

2022 жылғы 23 маусымда Компанияның Директорлар кеңесі мынадай шешімдер қабылдады:

1. Страшенко Кирилл Валерьевич «Кселл» АҚ Бас техникалық директоры, Басқарма мүшесі қызметіне сайлансын. Өкілеттік мерзімі 2022 жылғы 23 маусымнан 2023 жылғы 11 мамырды қоса алғанға дейін айқындалсын.

2. Ибраев Данияр Кадылханович «Кселл» АҚ Қауіпсіздік жөніндегі бас директор, Басқарма мүшесі қызметіне сайлансын. Өкілеттік мерзімі 2022 жылғы 23 маусымнан 2023 жылғы 11 мамырды қоса алғанға дейін айқындалсын.

«Кселл» АҚ Басқармасының өзгертілген құрамы:

- о Узбекиков Асхат Архатович – Басқарма төрағасы, Бас атқарушы директор.

- о Харламов Юрий Евгеньевич – Басқарма төрағасының орынбасары, Бас операциялық директор.

- о Аверченко Мария Витальевна – Басқарма мүшесі, Бас коммерциялық директор.

- о Нурпеисова Дина Кожаметовна – Басқарма мүшесі, Бас қаржы директоры.

- о Уйсумбаев Азамат Даулетович – Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директор.

- о Страшенко Кирилл Валерьевич – Басқарма мүшесі, Бас техникалық директор.

- о Ибраев Данияр Кадылханович – Басқарма мүшесі, Қауіпсіздік жөніндегі бас директор.

Қыркүйек

Компанияның Директорлар келесі шешімдерді қабылдады:

1. Амардинов Малик Алимжанович 2022 жылғы 15 қыркүйектен 2023 жылғы 11 мамырға дейінгі өкілеттік мерзімімен «Кселл» АҚ Цифрлық даму жөніндегі бас директор, Басқарма мүшесі қызметіне сайлансын.

2. 2022 жылғы 16 қыркүйекте «Кселл» АҚ Бас операциялық директоры, Басқарма төрағасының орынбасары Харламов Юрий Евгеньевичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

«Кселл» АҚ Басқармасының өзгертілген құрамы:

- о Узбекинов Асхат Архатович – Басқарма төрағасы, Бас атқарушы директор.
- о Аверченко Мария Витальевна – Басқарма мүшесі, Бас коммерциялық директор.
- о Нурпеисова Дина Кожаметовна – Басқарма мүшесі, Бас қаржы директоры.
- о Уйсумбаев Азамат Даулетович – Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директор.
- о Страшенко Кирилл Валерьевич – Басқарма мүшесі, Бас техникалық директор.
- о Ибраев Данияр Кадылханович – Басқарма мүшесі, Қауіпсіздік жөніндегі бас директор.
- о Амардинов Малик Алимжанович - Басқарма мүшесі, Цифрлық даму жөніндегі бас директор.

2022 жылғы 15 қыркүйекте Компанияның Директорлар Кеңесі өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасын дивидендтер түрінде бөлу жөніндегі мәселені қарауды 2022 жылғы 1 қарашаға дейін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады. Осы мәселені қарау үшін Компанияның 2022 жылғы 9 айындағы қызметінің қорытындыларын назарға алу және орта мерзімді перспективада (2023-2025) инфрақұрылымды дамыту және инвестициялық портфельді қалыптастыру жөніндегі жоспарларды аяқтау қажет.

Мәселе Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2022 жылғы 19 мамырдағы тапсырмасына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды (№ 21 хаттама): «Кселл»

АҚ Директорлар кеңесіне 2022 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі мерзімде өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасын бөлу бойынша ұсыныс беру тапсырылсын.

Қараша

Компанияның Директорлар Кеңесі 2022 жылғы 8 қарашадағы шешімімен 3600 - 3700 МГц және 3700 - -3800 МГц ауқымындағы радиожиіліктерге аукцион нәтижелерін алғанға дейін өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасын бөлу бойынша ұсыныс беру туралы мәселені қарауды кейінге қалдырғаны туралы хабарлайды. Мәселе Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2022 жылғы 19 мамырдағы тапсырмасына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды (№ 21 хаттама)

Желтоқсан

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 07 желтоқсандағы шешімімен Басқарма құрамынан Д.К.Нурпеисова - «Кселл» АҚ Бас қаржы директоры, Басқарма мүшесі шығарылды.

«Кселл» АҚ Басқармасының өзгертілген құрамы:

- о Узбекинов Асхат Архатович – Басқарма төрағасы, Бас атқарушы директор.
- о Аверченко Мария Витальевна – Басқарма мүшесі, Бас коммерциялық директор.
- о Уйсумбаев Азамат Даулетович – Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директор.
- о Страшенко Кирилл Валерьевич – Басқарма мүшесі, Бас техникалық директор.
- о Ибраев Данияр Кадылханович – Басқарма мүшесі, Қауіпсіздік жөніндегі бас директор.
- о Амардинов Малик Алимжанович - Басқарма мүшесі, Цифрлық даму жөніндегі бас директор.

2022 жылғы 9 желтоқсанда Fitch Ratings «Кселл» АҚ эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») «Тұрақты» болжамымен «BB +» деңгейінде растады.

2022 жылғы 13 желтоқсанда «Кселл» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (АКТЖЖ) өтті.

АКТЖЖ күн тәртібінде келесі мәселелер қамтылды:

1. Есеп комиссиясының құрамы туралы.
2. «Кселл» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
- .
3. 2022-2024 жылдарға арналған «Кселл» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы.

АКТЖЖ қарапайым көпшілік дауыспен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мынадай шешімдер қабылдады:

- 1.1. Мартинез Ирина Владимировнаның «Кселл» АҚ есеп комиссиясының мүшесі, есеп комиссиясының төрайымы ретінде өкілеттігі тоқтатылсын.
- 1.2. Есеп комиссиясының қолданыстағы құрамына Такибаева Лазат Асылхановна «Кселл» АҚ есеп комиссиясының мүшесі, есеп комиссиясының төрайымы ретінде сайлансын.
- 1.3. «Кселл» АҚ Есеп комиссиясының мүшесі, Есеп комиссиясының төрайымы Такибаева Лазат Асылхановнаның өкілеттік мерзімі есеп комиссиясының қолданыстағы құрамы сайланған сәттен бастап және өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін айқындалсын.

2.1. Осы шешімнің қосымшасында ұсынылған «Кселл» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2.2. «Кселл» АҚ Басқарма Төрағасы, Узбекинов Асхат Архатович:

- 1) Акционерлердің атынан «Кселл» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын;
- 2) «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ мемлекеттік корпорациясында және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының басқа органдары мен ұйымдарында «Кселл» АҚ Жарғысына өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға қайта сенім білдіру құқығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты барлық қажетті іс-қимылдарды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2022-2024 жылдары Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып анықталсын.

Консорциум («Кселл» АҚ мен «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС арасында) құрамындағы «Кселл»

АҚ 2022 жылғы 21-23 желтоқсан аралығында өткізілген екі лот бойынша радиожиілік спектрін бөлу бойынша аукциондық сауда-саттықта жеңімпаз атанды.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ХҚЕС есебі Компанияның сайтында орналастырылған
https://investors.kcell.kz/finance/report/audit_reports.

Анықтамалар

EBITDA: салықтарды, пайыздарды, тозу мен амортизацияны төлегенге дейінгі пайда. Көрсеткіш салықтарды, пайыздарды, тозу мен амортизацияны төлегенге дейін және байланысты компаниялардан кіріс алғанға дейін негізгі қызметтен түскен кіріске тең.

CAPEX: негізгі өндірістік құралдар мен жабдықтар үшін күрделі шығындар, сондай-ақ материалдық және материалдық емес айналымнан тыс активтерге инвестицияларды қоса алғанда, бірақ сатып алуда ескерілген материалдық емес активтерді және әділ құнды түзетуді қоспағанда және активтерді пайдаланудан шығару жөніндегі міндеттемелерді алып тастай отырып, бағдарламалық қамтамасыз ету мен лицензиялар.

МСФО (IFRS) 16 «Жалдау»: жалға беруші де, жалға алушы да тарапынан жалға алу және есепке алу келісімдерін айқындаудың бірыңғай моделін енгізеді. Күшіне енгеннен кейін жаңа стандарт ХҚЕС (IAS) 17 «Жалдау» және барлық байланысты түсіндірмелерді алмастырады.

16 ҚЕХС (IFRS) сатып алушының сәйкестендірілген активті бақылауы негізінде жалға алу шарттары мен қызмет көрсету шарттарын ажыратады. Жалға алушы үшін операциялық жалдау (теңгерімнен тыс есепке алу) мен қаржылық жалдау (теңгерімде есепке алу) арасында бұдан былай бөлініс жоқ, оның орнына қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдаудан басқа, оған сәйкес пайдалану құқығы нысанындағы актив және барлық жалдау шарттарына қатысты тиісті міндеттеме (барлық шарттар бойынша теңгерімде есепке алу) танылуға тиіс модель пайдаланылады.

Пайдалану құқығын білдіретін активтің амортизациясы және қаржылық міндеттеме бойынша пайыздардың жинақталуы пайда немесе залал құрамында жалдау бойынша шығыстар ретінде танылған жалдау төлемдерін ауыстырады.

Еркін ақша ағыны: қолма-қол күрделі шығындар сомасын шегергендегі операциялық қызметтен түскен ақша ағынының сомасына тең.

Жиынтық кіріс бойынша қысқартылған шоғырландырылған есеп

Бір акцияға, акциялар саны мен түзетулерге есептегендегі деректерден басқа, миллион теңгемен	4 т. 2022	4 т. 2021	Өзг (%)	12 ай 2022	12 ай 2021	Өзг (%)
Түсім	54 574	53 673	1,7%	219 002	194 081	12,8%
Мемлекеттік субсидиядан түсетін кіріс	462	2 108	-78,1%	2 230	2 108	5,8%
Өткізудің өзіндік құны	(32 661)	(34 007)	-4,0%	(136 269)	(125 867)	8,3%
Жалпы пайда	22 375	21 774	2,8%	84 963	70 322	20,8%
Сату бойынша шығыстар	(1 299)	(1 564)	-16,9%	(2 714)	(3 106)	-12,6%
Жалпы және әкімшілік шығындар	(5 373)	(3 518)	52,7%	(16 260)	(14 137)	15,0%
Сот талаптары бойынша резервтер құруға арналған шығыстар	-	-		-	-	
Салықтар мен айыппұлдар бойынша есептеулерді түзету	-	-		-	683	-100,0%
Активтердің құнсыздануы	(2 879)	(1 751)	64,4%	(6 264)	(2 694)	132,5%
Өзге де операциялық кірістер мен шығыстар, нетто	976	(1 383)	-170,6%	449	(583)	-177,0%
Операциялық пайда	13 800	13 558	1,8%	60 174	50 485	19,2%
Өзге де кірістер/(шығыстар), нетто		49	-100,0%		223	-100,0%
Қаржылық кірістер/(шығыстар), нетто	(421)	(2 056)	-79,5%	(4 920)	(7 765)	-36,6%
Таза валюталық баптарды қайта бағалаудан түскен кірістер/шығыстар	(1 403)	142	-1088,0%	(33)	259	-112,7%
Салық салуға дейінгі пайда	11 976	11 693	2,4%	55 221	43 202	27,8%
Табыс салығы бойынша шығындар	(4 085)	(4 140)	-1,3%	(14 871)	(10 696)	39,0%
Есептік кезеңдегі пайда	7 891	7 553	4,5%	40 350	32 506	24,1%
Басқа да жиынтық кіріс						
Барлық жиынтық кіріс						
	39,5	37,8	4,5%	201,8	162,5	24,1%
Акцияға базалық және таратылған пайда (теңгемен)						
Акциялар саны (мың)						
Кезең соңындағы айналымда	200 000	200 000		200 000	200 000	
Орташа өлшенген мән, базалық және ажыратылған	200 000	200 000		200 000	200 000	
EBITDA	20 376	19 232	5,9%	89 435	81 487	9,8%
Біржолғы шығыстарды есептемегенде EBITDA	20 729	20 768	-0,2%	90 848	82 340	10,3%
Материалдық құндылықтардың тозуы, амортизациясы және құнсыздануынан болған шығындар	(7 490)	(7 733)	-3,1%	(30 454)	(30 778)	-1,1%
Біржолғы шығыстарды есепке алмағандағы операциялық пайда	14 153	15 094	-6,2%	61 587	51 338	20,0%

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен	31 желт 2022	31 желт 2021
Активтер		
Негізгі құралдар	97 724	85 805
Материалдық емес активтер	43 482	42 284
Инвестициялық мүлік	2 210	-
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар	4 104	1 930
Пайдалану құқығы түріндегі активтер	15 084	16 943
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	4 345	4 148
Шарттар жасасуға арналған шығындар	558	472
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	1 598	1 720
Айналымнан тыс активтер жиыны	169 105	153 302
Тауар-материалдық қорлар	7 980	6 582
Саудалық дебиторлық берешек	26 523	17 751
Басқа айналым қаржылық емес активтер	6 897	10 111
Өзге де айналымдық қаржылық активтер	800	538
Табыс салығы бойынша алғытөлем	30	30
Амортизациялық құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	14 833	--
Ақша құралдары және олардың баламалары	46 248	51 402
Айналымдық активтер жиыны	103 311	86 414
Активтер жиыны	272 416	239 716
Капитал және міндеттемелер		
Жарғылық капитал	33 800	33 800
Қосымша төленген капитал	1 260	1 260
Бөлінбеген пайда	103 561	63 211
Меншікті капиталдың жиыны	138 621	98 271
Ұзақ мерзімді қарыздар	41 646	48 283
Активті пайдалану құқығына ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері	12 514	15 185
Мемлекеттік субсидиялар: ұзақ мерзімді бөлігі	8 179	5 688
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	3 808	4 204
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны	66 147	73 360
Қысқа мерзімді қарыздар	5 597	11 699
Жалдау бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	5 323	4 944
Мемлекеттік субсидиялар: қысқа мерзімді бөлігі	3 089	2 237
Саудалық несиелік берешек	34 749	35 705
Қаржылық кепілдіктер	155	330
Шарт бойынша міндеттемелер	5 645	3 207
Бағалау міндеттемелері	3 685	3 817
Қызметкерлер алдындағы міндеттемелер	5 708	4 347
Төлеуге жататын мүлік салығы	1 611	712
Төлеуге жататын табыс салығы	2 086	1 087
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	67 648	68 085
Міндеттеменің жиыны	133 795	141 445
Капитал мен міндеттемелердің жиыны	272 416	239 716

Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен	4 т. 2022	4 т. 2021	12 ай 2022	12 ай 2021
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы	24 001	22 054	95 154	82 333
Айналым капиталындағы өзгерістер	(4 481)	(6 667)	(29 226)	(8 277)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны	19 520	15 387	65 928	74 056
Қолма-қол күрделі шығындар	(6 226)	(11 539)	(37 650)	(31 161)
Ақша қаражатының еркін ағыны	13 294	3 944	28 278	42 991
Қаржы активтерінен түскен ақша ағыны, нетто	(14 813)	26 909	(14 813)	18 709
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағыны	(1 603)	(1 140)	(18 370)	(33 653)
Кезең ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы	(3 122)	29 617	(4 905)	27 951
Кезең басындағы ақша құралдары және олардың баламалары	51 376	21 487	51 402	23 023
Кезең ішіндегі ақша қаражатының ағыны	(3 122)	29 617	(4 905)	27 951
Бағамдық айырма	(2 006)	298	(249)	428
Кезең аяғындағы ақша құралдары және олардың баламалары	46 248	51 402	46 248	51 402

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған есеп

Миллион теңгемен	12 ай 2022				12 ай 2021			
	Акциянерлік капитал	Үстеме капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны	Акциянерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Қосымша капитал	Капиталдың барлығы
Кезең басындағы теңгерім	33 800	1 260	63 211	98 271	33 800	48 283		82 083
Дивидендтер	-	-	-	-	-	(17 578)		(17 578)
Акциянермен өзге де операциялар	-	-	-	-	-	-	1 260	1260
Жиынтық кіріс жиыны	-		40 350	40 350	-	32 506		32 506
Кезең аяғындағы теңгерім	33 800	1 260	103 561	138 621	33 800	63 211	1 260	98 271

Есепті дайындау негізі

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер есеп саясатында және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерде өзгеше көрсетілмесе, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды.

Егер өзгеше көзделмесе, осы есептегі барлық сомалар миллион теңгемен көрсетілген. Дөңгелектеу кезінде алшақтық орын алуы мүмкін.

Біржолғы шығыстар

Миллион теңгемен	4 т. 2022	4 т. 2021	12 ай 2022	12 ай 2021
EBITDA аясында				
Біржолғы шығыстар	353	1 536	1 413	853
Барлығы	353	1 536	1 413	853

Инвестициялар

Миллион теңгемен	4 т. 2022	4 т. 2021	12 ай 2022	12 ай 2021
CAPEX				
Материалдық емес активтер	5 265	11 191	12 662	13 604
Негізгі құралдар	18 128	15 438	28 959	24 448
Барлығы	23 393	26 629	41 621	38 052

Байланысты тараптармен мәмілелер

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Кселл 25 620 млн. теңгеге қызмет сатып алды және 14 122 млн. теңгеге қызмет көрсетті. Байланысты тараптар тиісті мәмілелерде негізінен «Қазақтелеком» АҚ тобына кіретін компаниялар болды.

Таза берешек*

Миллион теңгемен	31 желт 2022	31 желтоқсан 2021
Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздар	47 243	59 982
Қысқа мерзімді инвестицияларды, шоттағы қолма-қол ақшаны және қаражатты шегергенде	61 081	51 402
Таза берешек	(13 838)	8 580

*16 «Жалдау» ХҚЕС активтерін пайдалану құқығы бойынша міндеттемелерді есепке алмағанда

Негізгі қаржылық коэффициенттер

	31 желтоқсан 2022	31 желтоқсан 2021
Акционерлік капиталға кіріс (% , 12 айдағы жылжымалы мәні)	29,1%	33,1%
Салынған капиталға пайда (% , 12 айдағы жылжымалы мәні)	29,4%	29,7%
Меншікті қаражат автономиясының коэффициенті (%)	50,9%	41,0%
Қарыз капиталының меншікті капиталға қатынасы (%)	-10,0%	8,7%
Таза берешектің EBITDA-ға қатынасы (еселенген қатынасы, 12 айдағы мәні) *	-0,2	0,1
Акцияға меншікті капитал (теңге)	693,1	410,4

*Қысқа мерзімді инвестицияларды ескере отырып және 16 «Жалдау» ХҚЕС активтерін пайдалану құқығы бойынша міндеттемелерді есепке алмағанда

Операциялық деректер

	4 т. 2022	4 т. 2021	Өзг (%)	12 ай 2022	12 ай 2021	Өзг (%)
Кезең соңындағы абоненттер (мың)	7 986	7 961	0,3%	7 986	7 961	0,3%
Оның ішінде аванстық есептеу әдісінде	6 953	6 978	-0,4%	6 953	6 978	-0,4%
MOU (мин/ай)	183	204	-10,3%	192	210	-8,7%
ARPU (теңге)	1 686	1 698	-0,7%	1 649	1 614	2,2%
Кету деңгейі (%)	23,2%	19,4%	3,8%	23,3%	27,7%	-4,4%
Кезең аяғындағы қызметкерлер	2 243	2 136	5,0%	2 243	2 136	5,0%

Болжамды мәлімдемелер

Осы есеп, атап айтқанда, Кселлдің қаржылық жай-күйіне және шын мәнінде болжамды болып табылатын қызмет нәтижелеріне қатысты мәлімдемелерді қамтуы мүмкін. Мұндай мәлімдемелер тарихи фактілер болып табылмайды, олар Компанияның болашақ үміттерін білдіреді. Кселл осы болжамдық мәлімдемелерде көрсетілген күтулер ақылға қонымды болжамдарға негізделген деп есептейді, алайда болжамды мәлімдемелер тәуекелге және белгісіздікке байланысты және бірқатар маңызды факторлар нақты нәтижелерге әсер етуі мүмкін немесе нәтижелер кез келген осындай болжамды мәлімдемеде қамтылғандардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Мұндай маңызды факторлар мыналарды қамтиды, бірақ мыналармен шектелмейді: нарықтағы Кселл позициясы, телекоммуникациялық саладағы өсу, сондай-ақ бәсекелестіктің және Кселлдің бизнесіне және тұтастай алғанда телекоммуникациялық салаға әсер ететін басқа да экономикалық, іскерлік, бәсекелестік және/немесе реттеушілік факторлардың әсері. Болжамды мәлімдемелер олар жасалған күнге ғана жарамды және қолданылатын заңдарда көзделген жағдайлардан басқа, Кселл жаңа ақпарат немесе болашақ оқиғалар тұрғысынан олардың кез келгенін жаңарту бойынша қандай да бір міндеттемелерді өзіне алмайды.